



"Қан мен оның компоненттерінің донорлығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 желтоқсандағы N 1297 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қан мен оның компоненттерінің донорлығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қан мен оның компоненттерінің донорлығы туралы

Осы Заң Қазақстан Республикасындағы қан мен оның компоненттері донорлығының құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін, донордың құқықтарын қорғауды белгілейді, қан мен оның компоненттерінің донорлығын ұйымдастыру жөніндегі шаралар кешенін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

қан мен оның компоненттерінің донорлығы (бұдан әрі - донорлық) - емдеу, тиісті қан препараттарын дайындау немесе ғылыми зерттеулерде пайдалану үшін қан немесе оның компоненттерін тапсыру жолымен азаматтардың денсаулығын сақтауға донорлардың ерікті түрде қатысуы;

донор - емдік мақсат үшін қан мен оның компоненттерін тапсыратын адам;

донорлық функция - бұл медициналық куәландыруды және медициналық мақсат үшін қан мен оның компоненттерін тапсыру рәсімдерін орындауды қамтитын д о н о р д ы ң е р і к т і а к т і с і ;

реципиент - оған донорлық қан мен оның компоненттерін құю жүргізілетін пациент ;

қан мен оның компоненттерін құю - қан мен оның компоненттерін реципиенттің қ а н т а м ы р л а р ы н а е н г і з у ;

қанның компоненттері - қанның плазмасы мен клеткалары түрінде бөлінген қанның

қ ұ р а м д а с

б ө л і г і ;

қан препараттары - қанның компоненттерін өңдеу кезінде алынған емдік заттар;
консервациялау ерітінділері - бұл қан клеткаларын организмнен тыс сақтау және
тіршілік әрекетін ұстап тұруға арналған орта;
уәкілетті орган - бұл азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы басшылықты
жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы.

2-бап. Донорлық туралы заңнама

1. Қазақстан Республикасының донорлық туралы Заңы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің нормаларынан тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңда қамтылғаннан өзгеше ережелер белгілеген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Донорлық қағидаттары

Донорлық мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

- 1) донордың саналы түрде ерік білдіруі;
- 2) қан және оның құрамдас бөліктерін тапсырудың еркінділігі;
- 3) донордың денсаулығы сақталуына кепілдік беруі;
- 4) донорлардың мемлекеттік кепілдіктерін, әлеуметтік қорғалуын және құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету;
- 5) азаматтардың денсаулығына келтірген зияны үшін медицина қызметкерлерінің жауапкершілігі.

4-бап. Донорлардың құқықтарын мемлекеттің қорғауы

1. Денсаулық сақтау ұйымдарының лауазымды тұлғалары донорды қан мен оның компоненттерін алудың шарттары мен тәртібі және қан мен оның компоненттерін тапсыру кезінде оның денсаулығын сақтау кепілдіктері туралы хабардар етуге міндетті.

2. Қан мен оның компоненттерін тапсыруға байланысты донордың денсаулығына зиян келтірілген жағдайда залалды өтеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5-бап. Донорлық саласындағы мемлекеттік органдардың өкілеттігі

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) донорлық саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясат пен оны жүзеге асыру жөніндегі шараларды белгілейді;
- 2) осы Заңға сәйкес қан мен оның компоненттерін Қазақстан Республикасынан тыс әк е т у г е р ұ қ с а т б е р е д і .

2. Уәкілетті орган:

- 1) донорлықты дамытудың бірыңғай мемлекеттік саясатын жүргізеді;

2) донорларды көтермелеу тәртібін белгілейді;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында бейбіт кездегі сияқты, соғыс кезінде де табиғи және техногендік сипаттағы төтенше оқиғалар туындаған жағдайларда қан мен оның компоненттерін тапсыру пункттерін ұйымдастыру жөніндегі басшылықты жүзеге асырады;

4) қан құю қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын республикалық денсаулық сақтау ұйымының материалдық-техникалық базасын нығайтады;

5) тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары шығаратын қан мен оның компоненттерін, қан препараттарын, консервациялау ерітінділерін дайындаудың, сақтаудың, қан құюдың, тәртібін белгілейді және бақылауды жүзеге асырады;

6) тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары шығаратын донорлық қан мен оның компоненттерінің, препараттардың және консервациялау ерітінділерінің сапасын бақылауды жүзеге асырады;

7) донордың медициналық тексерілу тәртібін айқындайды.

6-бап. Донорлық саласындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдардың өкілеттігі

1. Облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, астана) өкілді органдар:

1) донорлық саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) донорларға қосымша көтермелеулер беру туралы шешім қабылдауға құқылы;

3) қан мен оның компоненттерін, препараттарды және консервациялау ерітінділерін дайындауды, сақтауды жүзеге асырушы жергілікті мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының жұмыс істеуі мен дамуына мүмкіндік беретін іс-шараларды қамтамасыз етеді.

2. Облыстық (республикалық маңызы бар қалалар, астана) атқарушы органдар:

1) донорлықты дамыту және оны жүзеге асыру жөніндегі шаралардың бірыңғай мемлекеттік саясатын жүргізеді;

2) қан құю қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті денсаулық сақтау ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайтады;

3) қан, оның компоненттерін, препараттарды, консервациялау ерітінділерін дайындауды, сақтауды жүзеге асырушы мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының жұмыс істеуі мен дамуына жәрдемдесетін іс-шаралардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

7-бап. Қоғамдық бірлестіктер

Қоғамдық бірлестіктер құрылтай құжаттарына сәйкес донорлықты насихаттау мен дамытуға қатыса алады.

8-бап. Қан мен оның компоненттерін дайындауды, консервациялауды, сақтауды жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары

1. Қан мен оның компоненттерін дайындауды, консервациялауды, сақтауды тиісті лицензиясы бар мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары жүзеге асырады.

2. Қан мен оның құрамдас бөліктерін дайындауды, консервациялауды, сақтауды жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары қанды, оның компоненттерін, препараттар мен консервациялау ерітінділерін дайындау, сақтау тәртібін бұзғандығы үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді.

2-тарау. Қан мен оның компоненттерінің донорлығы

9-бап. Донордан қан мен оның компоненттерін алу тәртібі

1. Тиісті медициналық тексеруден өткен Қазақстан Республикасының 18-ден асқан іс-әрекетке қабілетті азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар мен шетел азаматтары донор болады.

2. Емдік мақсатта қолданылатын қан мен оның компоненттері тек адамнан ғана алынуы мүмкін.

3. Егер донордың денсаулығына зиян келтірілмейтін жағдайда ғана донордан қан мен оның компоненттерін алуға жол беріледі.

10-бап. Донорды медициналық тексеру

1. Қан мен оның компоненттерін дайындайтын мемлекеттік ұйымдарда қан мен оның компоненттерін алу алдында донорды медициналық тексеру тегін жүргізіледі. Донорды медициналық тексеру тәртібі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Тұратын жері бойынша медицина ұйымдарында қан мен оның компоненттерін беру үшін денсаулығының жай-күйі туралы анықтама мен флюорографияның нәтижелері тегін беріледі.

11-бап. Донорлық қанды донорлық қаннан дайындалған оның компоненттерін, препараттарды айырбастау және оларды Қазақстан Республикасынан тыс әкету

тәртібі

1. Қазақстан Республикасынан тыс қан мен оның компоненттерін әкету Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша тек Қазақстан Республикасында өндірілмейтін қан мен оның компоненттеріне және препараттарына айырбастау үшін, сондай-ақ шетелдегі Қазақстан Республикасының азаматтарына шұғыл көмек және гуманитарлық көмек көрсеткен жағдайларда ғана жүзеге асырылады.

2. Пайда табу мақсатында қан және оның құрамдас бөліктерін басқа мемлекеттерге сатуға тыйым салынады.

3-тарау. Донордың және жұмыс берушінің құқықтары мен міндеттері

12-бап. Донордың құқықтары

Д о н о р :

1) ақысыз немесе осы Заңмен белгілеген мөлшердегі ақшалай өтемге қан мен оның компоненттерін тапсыруға;

2) денсаулық жағдайын медициналық тексеру және қан мен оның компоненттерін тапсырудың организмге ықтимал әсерлерінің нәтижелері туралы ақпаратқа қол жеткізуге;

3) осы Заңда белгіленген тәртіппен қан мен оның компоненттерін тапсыруға кепілдік алуға құқылы.

13-бап. Донордың міндеттері

1. Қан мен оның компоненттерін тапсыруға келісім берген азамат бұрын ауырған ауруы және зардап шегетін ауруы туралы, сондай-ақ есірткі құралдарды, психотроптық заттар мен прекурсорларды пайдалануы туралы өзіне белгілі мәліметтерді хабарлауға міндетті.

2. Қан мен оның компоненттерін оның пайдалануына кедергі келтіретін мән-жайларды донордың жасыруы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жауапкершілікке әкеп соғады.

14-бап. Донорлықты дамытуды қамтамасыз ететін жағдайларды жасау жөніндегі жұмыс берушілердің міндеттері

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес меншік нысанына қарамастан жұмыс берушілер, әскери бөлімдердің командирлері (бастықтары), білім беру ұйымдарының әкімшіліктері:

1) донорлар қатарына азаматтарды тартуға мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарына көмек көрсетуге;

2) қан алу үшін қажетті үй-жайларды беруге;

3) тексеру және қан тапсыру күндері донор болып табылатын қызметкерді жұмыстан кедергісіз босатуға;

4) осы Заңда белгіленген кепілдіктерді донор болып табылатын қызметкерге беруге міндетті.

4-тарау. Донорға берілетін кепілдіктер мен өтемдер

15-бап. Донорға берілетін кепілдіктер

Донор болып табылатын қызметкер медициналық тексеру әрі қан мен оның компоненттерін тапсыру күні меншік нысанына қарамастан осы күн үшін орташа жалақысы сақтала отырып, ұйымдардағы жұмысынан босатылады.

Донор болып табылатын әскери қызметші донорлық қызметті орындау уақытында

нарядтардан, кезекшілік атқарудан босатылады.

Донор болып табылатын студенттер, оқушылар донорлық қызметті орындау кезінде оқу-тәрбие процестерден босатылады.

16-бап. Донорға ұсынылатын өтем

1. Өтеусіз донор қан мен оның құрамдас бөліктерін тапсырғаннан кейін таңдауы бойынша өзінің қан мөлшері мен организмнің энергетикалық шығындарының орнын толтыру үшін тегін тамақ немесе оның 0,25 есептік көрсеткіш мөлшеріндегі ақшалай б а л а м а с ы н а л а д ы .

2. Ақылы донорға тапсырған қан мен оның құрамдас бөліктері үшін ақшалай өтемақы мынадай мөлшерде төленеді:

1) бір рет қан тапсырғаны үшін (450+10 мл қан) - 2 айлық есептік көрсеткіш;

2) екі реттік плазмаферезде плазма тапсырғаны үшін (500+40 мл плазма) - 4 айлық е с е п т і к к ө р с е т к і ш ;

3) екі реттік плазмаферезде иммундық плазма тапсырғаны үшін (500+40 мл иммундық плазма) - 7 айлық есептік көрсеткіш;

4) екі реттік плазмаферезде изоиммундық плазма тапсырғаны үшін (500+40 мл изоиммундық плазма үшін) - 8 айлық есептік көрсеткіш.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті